

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

(Отандық Философия)

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- Тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы
- Наным-сенімі, ырым-тыйымдары
- Салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері
- Ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері
- Жанұялық этикалық қарым-қатынас
- Билік пен халық арасындағы қарым-қатынас

ҚОРҚЫТ АТА

- Мәңгі өмірді іздейді
- Нақыл сөздері –

Ат жемейтін ащы шөптің шыққанынан
шықпағаны игі,

Адам ішпес ащы судың аққанынан
ақпағаны игі,

Атасының атын шығармаған жігерсіз
ұлдың – туғанынан тумағаны игі.



Қанша қалың жауғанмен,

Қар көктемде қалмайды.

Гүл жайнаған қалың да,

Қара күзге қалмайды.

АСАН ҚАЙҒЫ (ХАСАН СӘБИТҰЛЫ)

Басты мақсаты – Жерұйықты табу (Қазақ утописті)

Көлде жүрген қоңыр қаз қыр қадірін не білсін,
қырда жүрген дуадақ су қадірін не білсін, санасы
жоқ жамандар ел қадірін не білсін.

Әділдіктің белгісі - біле тұра бұрмаса, ақылдының
белгісі - өткен істі қумаса.

Арғымаққа міндім деп артқы топтан адаспа.

Есеніңде-тіріңде бір болыңыз бәріңіз.

Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің.



ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ

- «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы»)
- Тәубешіл бол
- Хақты тану – өз-өзін тану
- Білімді бол
- Ынтасыздың күні қараң.
- Жамағаттың жақсыға құрметі жоқ,
Кішілердің үлкенге ізеті жоқ,
Патшалардың әділдік міндеті жоқ,
Бұл не деген заман болды, достар?!
- Көзі жанып тұрмағанның ғашық болдым дегені бекер.

Бұл кітапта негізінен төрт нәрсеге көңіл бөлінеді:

- шариғат— ислам дінінің заңдары мен ғұрыптары
- тарикат— сопылық идеясы, жүретін жолы
- хакикат— Құдаймен бірігу, оған шексіз жақындау
- мағрифат— дін жолын танып, оқып білу

Шариғатсыз, тарикатсыз, мағрифатсыз хакикат болмайды.

ҚАЗАҚТЫҢ БИ-ШЕШЕНДЕРІ

от тілді, орақ ауызды, кез – келген дау-дамайды шеше білген, елінің тәуелсіздігі үшін дарынымен тас жарған адамдар ретінде тарихта қалған. Олар өз дәрежесіне қарай руішілік, руаралық, тіпті екі елдің арасындағы дауды да соғысқа жеткізбей ділмарлығымен шешіп отырған.

Би-шешендердің сөздері — халықтық тәлім-тәрбие құралы. Қазақ халқының отбасылық ортасынан бастап, ауыл-аймақпен, байтақ атамекендегі ағайын-туыстармен, көпшілікпен қарым-қатынас жасау мәдениетінің адамгершілік асыл қасиеттер аясында қалыптасуында би-шешендер сөздерінің ықпалы зор болды.

Бір аңызда аулына келіп отырған Төле би мен Қазыбек Әйтеке баладан: «Жігіттің жақсысы қандай болады?» — деп сұрапты.

- Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген, — дейді Әйтеке.

ЗАР-ЗАМАН АҚЫНДАРЫ

- Дулат Бабатайұлы,
 - Шортанбай Қанайұлы,
 - Мұрат Мөңкеұлы
-
- Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді.
-

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛАРЫ:

- Ш. Уәлиханов
 - Ы. Алтынсарин
 - А. Құнанбайұлы
 - Ш. Құдайбердіұлы
 - А. Байтұрсынов
-

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

- «Адам бол!»
 - 45 қара сөзі

 - Сүюдің үш түрі бар:
 - Алланы сүю
 - Адамды сүю
 - Хақ жолын сүю (әділеттілікке ұмтылу)
-

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

- «Үш анық»
- Сенім
- Ғылым (ақыл-парасатқа негізделу)
- Жан (оның негізі ар-ұят)

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

- Мағжан Жұмабаев
- Жүсіпбек Аймауытов
- Міржақып Дулатов және т.б.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

- Бәсекелестік қабілет
 - Прагматизм
 - Ұлттық бірегейлікті сақтау
 - Білімнің салтанат құруы
 - Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы
 - Сананың ашықтығы
-